Түркістан облысы Келес ауданы
«№ 23 «1Мамыр» жалпы орта білім беру» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі

# Өзін-өзі басқару ұйымының жұмыс жоспары

Тәлімгер: Г. Саненова

2020-2021ж

## *Өзін –өзі басқару ұйымының*

***Мақсаты:*** *Еліміздің мүддесін ойлайтын, экономикалық бәсекелестікке қабілетті, Білім мен өнерге құштар, елінің тарихынбілетін, тілін, дінін, әдет ғұрп, салт- санасын қастерлейтін, еңбекқор да, салауатты, адами құндылықтарбойына қалыптасқан, әділетті, қайсар тұлғаны өзін- өзі басқарту арқылы қалыптастыру.*

***Міндеті:*** *- қазақстан Республикасындағы « Тәрбие жұмысының кешенді бағдарламасы мен Үздіксіз білім беру жүйесінің тәрбие тұжарамдамасына» сай жас жеткіншектерді Қазақстандық елжандылыққа тәрбиелеу.*

*- өзін- өзі басқару ұйымының бағдарламасы негізінде , сапалы білім саналы тәрбиенің жан- жақты артуына оқушы, жастар ұйымының белсенділігі арттыру;*

*- жастар бірлестігінің бағыттарына байланысты ұйым белсенділерінің құқын, міндетін, жауапкершілігін арттыру.*

### *Өзін –өзі басқару жұмысында табатын құндылықтар:*

1. *Адами ар –ожданы, иманжүзді азамат қалыптасу*
2. *Отбасындағы жауапкершілік*
3. *Отан, туған өлкеге құрмет*
4. *Денсаулық, салауатты өмір*
5. *Еңбек, экономика*
6. *Білім , ғылым, өнер*
7. *Мәдени мұра, құқық, тарих, шежіре*
8. *Тіл шеберлігі, рухани байлық*
9. *Достық, жолдастық, қатынас*

*«Өзін-өзі басқару ұйымы»*

- *Балалар мен жасөспірімдердің және үлкендердің жалпы адамзаттық құндылықтарға бағыттаған, мүшелерінің қызығушылықтарын, құқықтарын қорғайтын,өз бетімен ерікті, қоғамдық бірлестік*

## *Өзін-өзі басқару ұйымының атқаратын жұмыстары:*

- *Интелектуалды сайыстар өткізу;*
- *Мереке күндерін өткізу;*
- *Мектепішілік газет-журналдар шығару;*
- *Іс-шараларға жауапкершілікпен қатынасу;*

## *Өзін-өзі басқару ұйымының қаулысы:*

*Жыл ішінде жүргізілетін жұмыс түрлеріне есеп беріп отырады.*

1. *Ұйым үнпарағы ай сайын шығарылып, мектепішілік іс-шаралар талданып, баспасөз беттері арқылы таралуы керек.*
2. *Мектеп оқушыларының оқу үлгерімін жақсарту, оқу озаттарының санын көбейту сынып әкімдеріне міндеттеліп, оны қатаң қадағалау **Білім министріне** жүктелсін.*
3. *Оқушылардың бой-бас тазалығы,оқу құралдары, сынып тазалығы, мектепке сай киім формасын үнемі бақылауда болуы **Тазалық министріне** тапсырылсын.*
4. *Оқушылардың танымдық деңгейінің терең болуын қадағалап, соған орай мектепішілік іс-шаралар өткізу **Мәдениет министріне** тапсырылсын.*
5. *Мектеп оқушыларының бос уақытын тиімді пайдалану, денсаулықтарын нығайту, спорт үйірмелеріне оқушыларды тарту **Спорт министріне** тапсырылсын.*
6. *Оқушылар арасына келеңсіз жағдайларды болдырмау,сабаққа қатысу-қатыспауын қадағалап, мектепішілік тәртіпті бақылау **Тәртіп министріне** тапсырылсын.*
7. *Бірыңғай талап ережелері 5-11 сынып оқушыларының барлығына міндетті деп саналсын және оқушылар ұйымының осы талаптарды қадағалау **Ұланбасына және Ұланбасы көмекшісіне***

## Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы мүшелерінің АНТЫ

Мен, ____________________, Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына кіре отырып:

Өз Отаным – Қазақстан Республикасының патриоты болуға;
Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, дәріптеуге;
Туған елім, жерім, Отанымды мақтаныш етуге;
Ата-анамды қадірлеуге;
Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге;
Білімге табандылықпен ұмтылуға;
Салауатты өмір салтын ұстануға;
Табиғатты аялауға;
«Жас Ұлан» Ережесін бұлжытпай сақтауға және оны өз достарымнан талап етуге ант етемін.

Біздің жерлестеріміздің даңқты ерлігі өнегесі негізінде ерлікке үйренуге жәнеОтанға шексіз қызмет етуге салтанатты түрде

АНТ ЕТЕМІН, АНТ ЕТЕМІН, АНТ ЕТЕМІН!

***2020-2021ж***

«Бекітемін»

Мектеп директоры:

Б. Бейсеқұл

**«№23 «1 Мамыр» жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2020-2021 оқу жылына арналған өзін-өзі басқару ұйымының жұмыс жоспары**

| № | Іс-шаралар | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | Өзін-өзі басқару ұйымының жұмыс жоспарын құрып бекіттіру | Қыркүйек | Тәлімгер Г.Саненова |
| 2 | «Өзін-өзі басқару» ұйымының мүшелерін сайлау | Қыркүйек | ДТІЖО Пед. ұйым Тәлімгер |
| 3 | Мектеп бойынша кезекшілік графигі «Кірпі» қабырға газетін шығару | Жыл бойы | ДТІЖО Пед. ұйым Тәлімгер |
| 4 | Бөлме өсімдіктерін күту және көгалдандыру. «Гүл операциясы» | Жыл бойы | Мухамеддамин Ж. Шаруашылық секторы |
| 5 | Өнер сайыстары, концерттер | Жыл бойы | Есіркеп Ұ. Ұйымдастыру секторы |
| 6 | Сынып бөлмелерінің тазалығын қадағалау | Жыл бойы | Мухамеддамин Ж. Шаруашылық секторы |
| 7 | Білім алу деңгейін қадағалау, оқушылырдың саббаққа қатысуын қадағалау | Күн сайын | Мухамеддамин Ж. Оқу министрі |
| 8 | Өзін-өзі басқару күні | Бейсенбі | ДТІЖО Пед. ұйым Тәлімгер |
| 9 | Еңбек апталығын өткізу | Қазан | ДТІЖО Пед. ұйым Тәлімгер |
| 10 | Спорт шараларын өткізу | Жыл бойы | Құрал Сержан |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Спорт секторы |
| 11 | Таңертеңгілік жаттықтыру өткізу | Жыл бойы | ДТІЖО Пед. ұйым Тәлімгер |
| 12 | Еңбек апталығын өткізу. Көшет отырғызу | Сәуір | ДТІЖО Пед. ұйым Тәлімгер |
| 13 | «Қамқорлық» акциясы | Қараша Мамыр | ДТІЖО Пед. ұйым Тәлімгер |
| 14 | Мектепішілік «Мектеп тынысы» газетіне материал жинау | Жыл бойы | ДТІЖО Пед. ұйым Тәлімгер |

Аға тәлімгер: Г. Саненова

# *Спорт министрі.*

**_10Ә_ сынып оқушысы: Жұмағұл Нұрқанат**

**_10Ә_ сынып оқушысы: Құрал Сержан**

### *Спорт министрінің міндеті:*

1. *Спорттық секциялардың жұмысын атқарады, іс-шаралардың өтуіне көмек көрсетеді.*
2. *Ең спортқа бейім деген жарыстар ұйымдастырады.*
3. *Мектеп линейкасында жетістіктерге жеткен оқушыларды марапаттау.*
4. *Мектеп қабырғасына спорттық жастардан орын алған оқушыларды (алғыс хат, диплом, мақтау) ілу.*
5. *Көңіл спорт мерекесін ұйымдастыру.*
6. *Мектеп аралық спорт жарыстарына оқушыларды апару.*
7. *Туристік походтарды ұйымдастыру.*

# *Қыздар министрі.*

**_11_ сынып оқушысы: Ақжол Аружан**

**_9А_ сынып оқушысы: Орақбай Эльвира**

**_9Ә_ сынып оқушысы: Адабашева Диана**

### *Қыздар министрінің міндеті:*

1. *Сынып жетекшісімен тығыз байланыс жүргізіп қыздардың жағдайын біліп отыру.*
2. *Қыздар секторының тізімін алу.*
3. *Айына бір рет шағатын қабырға газетіне формасыз келетін оқушылардың тізімін алу.*
4. *Апталық жоспарын бекітіп отыру.*
5. *Қыздар ұйымының төрайымымен айына бір жұмыс жасап отыру.*
6. *Ұқыпты, үлгілі, тәртіпті қыздарды марапаттап қабырға газетіне ілу.*
7. *Апта соңында Жас ұлан ұйымының президентіне есеп беріп отыру.*

## *Мәдениет сауықтыру министрі.*

**10Ә сынып оқушысы: Есіркеп Ұ**

**10Ә сынып оқушысы: Абдуллаева А**

### *Мәдени сауықтыру министірінің міндеті:*

1. *Жылдық жоспарын түзіп мәдени секторларын сайлау.*
2. *Мәдени сауықтыру шараларын жүргізу.*
3. *Мектепішілік және қалалық мерекелерге оқушыларды ұйымдастыру.*
4. *Музыка жетекшілерімен бірігіп жұмыс жүргізу.*
5. *Мерекелік сценарияларға көмек көрсету.*
6. *Оқушыларды марапаттауды ұйымдастыру.*
7. *Істелінген жұмыстардың есебін беру.*
8. *Өнерлі оқушылардың тізімін алу.*

## *Оқу министрі.*

**10А сынып оқушысы: Мухаммеддамин Жандаулет**

### *Оқу министірінің міндеті:*

1. *Апталық оқу үлгерім көрсеткішін шығарып тұрады.*
2. *Оқушылардың сабаққа қатысуын тексереді.*
3. *Айына бір рет шығарылатын қабырға газетіне сабағы нашар және үлгілі оқушылардың тізімін алу.*
4. *Тоқсан соңында білім деңгейін анықтап отырады.*
5. *Оқу секторларының тізімін алу.*
6. *Комитеттің апталық тізімін алу.*
7. *Апталық, айлық жұмыс жоспарын бекіту.*

## *Баспасөз министрі.*

***10Ә* сынып оқушысы: Құдайберген Айдана**

**Баспасөз министірінің міндеті:**

1. *Мектептегі ақындық жазушылық қабілеті бар оқушыларды іріктеу, тізімін алу.*
2. *Мереке күндері оқушыларға тілек, құттықтау т,б «Барыс» газетіне ілу.*
3. *Тәрбиелік мәні бар газет, журналдарға оқушылардың жазылуын қадағалау.*
4. *Жыл мезгіліне байланысты әр мезгілде ақынидық қабілеті бар оқушыларға өлең шығарту.*
5. *Мектептегі түрлі іс-шараларға белсене ат салысу.*
6. *Оқушыларды марапаттап отыру.*

## *Тәртіп кеңес министрі.*

***11* сынып оқушысы: Құдайберген Гаухар**

***9 Ә* сынып оқушысы: Мүтәлі Айкен**

**Тәртіп кеңес министірінің міндеті:**

1. *Мектепішілік тәртіпті реттейді.*
2. *Тәртібі қиын оқушылармен жұмыс жүргізу.*
3. *Сабақтан кешігетін оқушылардан есеп алу, шара қолдану.*
4. *Ұйым отырысын, мектепішілік жиналыстарға ат салысу.*
5. *Тәртібі қиын оқушылардың тізімін алу.*

## Қамқоршылар министрі орынбасарлары

**_9А_ сынып оқушысы: Мизам Тазабек**

**_9Ә_ сынып оқушысы: Тұрсунбеков Ринат**

**Қамқоршылар министрінің орынбасарлары:**

1. *Мектепті жағдайы төмен отбасыларға көмек көрсету.*
2. *Жетім және жартылай жетім отбасыларға социологпен бірігіп акция ұйымдастырып көмек беру.*
3. *Сынып жетекшілермен тығыз байланыс жүргізіп оқушылардың жағдайын біліп отыру.*
4. *Комитеттің отырысында жасалған шараларды қорғау.*
5. *Алдағы болатын жұмыстарға ат салысу.*

## Тазалық шаруашылық секторы

**_10А_ сынып оқушысы: Мухамеддамин Ж**

**_9Ә_ сынып оқушысы: Жәділ Назерке**

**_9А_ сынып оқушысы: Жайдақ Дариға**

## *Өзін-өзі басқару «Жас Ұлан» комитеті.*

## *Президент*

***_11_ сынып оқушысы: Алтынбек Диас***

***Президенттің міндеті:***

1. *Мектеп оқушыларының өз-өзіне басшылық жасау.*
2. *Мектеп директоры тәрбиесі ісі жөніндегі орынбасары, аға тәлімгер, психолог, әлеуметтік педагог және басқа да ұстаздардың ұсыныс, тілектерін ескере отырып оқушылардың өзін-өзі басқару жүйесінің жұмыс жоспарын жүргізу.*
3. *Мектеп басшыларымен, ұстаздармен және ата-аналармен тығыз байланыста болу және олардың ескертпелерін басшылыққа алу.*
4. *Оқушылардыңтбілім сапасын арттыру, қиын оқушылармен жұмыс, мектеп бойынша кезекшілік жұмысы және басқа оқу тәрбиелік іс-шаралардың дер кезінде орындалуына көмек беру*
5. *Мектептегі түрлі қоғамдық және мерекелік іс-шаралардың орындалуына атсалысу.*
6. *Оқушылардың көзқарасымен санасу мақсатында тиісті сауалнамалар жүргізіп отыру.*
7. *Әр апта соңында жүйелі түрде президент жанындағы отырыс ұйымдастыру, басқару жүйе мүшелерінің есебін тыңдау және оларға нақты тапсырмалар беру.*
8. *Әр тоқсан соңында оқушылар алдында есеп беру.*

8. *Мектепішілік болатын жиналыстық хаттамаларын өткізу.*

## *Вице президент.*

***__10Ә__ сынып оқушысы: Адабашев Исрафил***

### *Вице президенттің міндеті:*

1. *Мектептегі оқушылардың өзінөзіне басшылық жасауға мектеп президентіне көмек беру.*
2. *Жас ұлан ұйымының жиналысын президентпен бірлесе отырып басшылыққа алу және оны өз деңгейінде өткізу.*
3. *Тәртіпті талап ету мақсатында тәртіп министрімен бірігіп жұмыс жасау.*
4. *Әр аптаның соңында жүйелі түрде президент жанындағы отырыс ұйымдастыру, басқару жүйелі мүшелерінің есебін алу.*
5. *Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, тәлімгер, психолог, социолог және басқа да ұстаздармен тығыз байланыста болу.*
6. *Оқу үлгерім министрімен әр тоқсан соңында оқушы күнделігінің таза, таза еместігін тексеріп, жиналыстарда ескерту.*
7. *Екі аптада бір рет мектеп жиналысын жасауға міндетті түрде қатысу.*

## *Қамқоршылар министрі*

***__11__ сынып оқушысы: Алтынбек Диас***

### *Қамқоршылар министрінің міндеті:*

1. *Мектептегі жағдайы төмен отбасыларға көмек көрсету.*
2. *Жетім және жартылай жетім отбасыларға социологпен бірігіп акция ұйымдастырып көмек беру.*
3. *Сынып жетекшілерімен тығыз байланыс жүргізіп, оқушылардың жағдайын біліп отыру.*
4. *Комитеттің отырысында жасалған шараларды қорғау.*
5. *Алдағы болған жұмыстарға ат салысу.*

**«Жас Ұлан» ұйымының отырысының**
**хаттамасы №1**

«1 Мамыр» жалпы орта білім беретін мектебі» 17 қыркүйек 2020 жыл

**Қатысқандар:** «Жас Ұлан» ұйымының ұланбасы, ұйым мүшелері

**Күн тәртібінде:**

4. 2019-2020 оқу жылының қорытындысы
5. Мектеп комитеті мүшелерін сайлау
6. 2020-2021 оқу жылына арналған жылдық жоспар

**Тыңдалды:**

4. «1 Мамыр» жалпы орта білім беретін мектебінің аға тәлімгері Г.Саненова «Жас Ұлан» ұйымының мүшелеріне 2019-2020 оқу жылының қорытындысы мен атқарылған жұмыстар туралы мәлімет берді.
5. «Жас Ұлан» ұйымының ұлан басы мен мектеп тәлімгері мектеп комитеті мүшелерін сайлап, әр бағыт бойынша жауапты оқушыларды тағайындады.
6. Тәлімгер Г.Саненова «Жас Ұлан» ұйымының мүшелерін 2020-2021 оқу жылына арналған «Жас Ұлан» ұйымының жылдық жоспарымен таныстырып өтті.

**Қабылданған шешім:**

3. «Жас Ұлан» ұйымының жұмыс жоспары бекітілсін.
4. «Жас Ұлан» ұйымының мүшелері бекітілген бағыттар бойынша шараларды жандандыруға ат салысып, тиянақты орындалсын.

**«Жас Ұлан» ұйымының жетекшісі:** **Г.Саненова**
**Хатшы:**






**Өзін-өзі басқару ұйымыны отырысының**
**хаттамасы №2**

№23 «1 мамыр» жалпы орта білім беретін мектебі 8 қазан 2020 жыл

**Қатысқандар:** Өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері
**Күн тәртібінде:**

1. Мектептегі тәртіпті қадағалау
2. Интеллектуалды сайыстар өткізу
3. Сабақтан кешіккен, сабақтан себепсіз қалған оқушылар
4. Таңертеңгі жаттығулар жасау

**Тыңдалды:**

1. Мектеп президенті 11 сынып оқушысы Алтынбек Диас №23 «1 Мамыр» ЖОББМ бойынша мектеп тәртібін қадағалау жұмыстарын жүргізді. Қазан айы бойынша мектеп оқушыларының киім үлгісі талапқа сай. Мектеп дәлізінде оқушыларды өзін-өзі ұстауына байланысты ескертулер беріліп, жұмыстануда.
2. Қазан айында оқу министрі 10 сынып оқушысы Мухамеддамин Жандаулет 7 сынып оқушылары арасында «Где логика?» атты интеллектуалды ойын өткізді. Ойын барысында оқушылардың ойлау қабілетін дамытатын қызықты сұрақтар болды. Оқушылар бар ынтасымен қатысып, алғырлық танытты.
3. Тәртіп министрі 11 сынып оқушысы Құдайберен Гаухар сабаққа кешігіп келген , сабақтан себепсіз қалған оқушыларды қадағалау жұмыстарын жүргізді. Жұмыс барысында сабаққа кешігіп немесе сабақтан себепсіз жиі қалған 5,7,11, 3,4,6 сынып оқушыларына ескерту беріп, сынып жетекшісі бақылауға алды.

**Қабылданған шешім:**

1. Мектептегі тәртіп қатаң бақылауға алынсын.
2. Оқушылардың ойлау қабілетін дамытатын интеллектуалды ойындар жиі өткізілсін.
3. Оқушылардың сабақты себепсіз қалдырмауы, кешігіп келмеуі қатаң бақылауға алынсын.

**Аға тәлімгер:** **Г.Сапенова**

№ 23 «1 Мамыр» жалпы орта мектебіндегі 9-11 сыныптар арасында «Өзін –өзі басқару» ұйымының атқарған жұмыстарының

# ХАТТАМАСЫ.

1.03.2021ж 1Мамыр ауылы

Күн тәртібінде:

1) Өзін-өзі басқару ұйымының жетекшілігімен 9-11 сыныптар арасында өткізілген мектеп ауласын көгалдандару жұмыстары.

1-Наурыз көктем айының алғашқы күнінен бастап «Мектеп алдын көгалдандыру және безендіру жұмыстары» жұмыс істеп жатыр. № 23 «1Мамыр» жалпы орта мектебінің ауласын көгалдандыру мен безендіру жұмыстары ерте көктемнен жоспарланып басталды. Жасыл желектерді қопсытып, суғарып, зиянкестерден қорғау жолдарымен мектеп оқушылары «Өзін-өзі басқару» ұйымының жетекшілігімен қолға алынып отыр. Жас отырғызылған ағаштарды алдағы уақытта тез жетілуіне көмек беруде.

Қазіргі кезде 9 сынып ұл балалары мектеп ауласындағы гүлдерді қопсытып жатса, ал 9 сынып қыз балалары мектеп ішіндегі гүлдерді суару жұмысымен айналысуда.

Сондай-ақ, 10-11 сынып оқушылары мектеп ауласына шырша,арша және тағы басқа ағаштарды отырғызып,оны күтіп баптауға белсене кірісіп кетті.Мектеп ауласын көгалдандыру бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі.

Қаулы:

1) Көгалдандыру жұмысы ары қарай жалғасын тапсын.
2) «Өзін-өзі басқару » ұйымының жұмысы жандандырылсын.

Мектеп президенті: Алтынбек Диас

Хатшы: Құдайберген Гаухар

№ 23 «1 Мамыр» жалпы орта мектебіндегі 9-11 сыныптар арасында «Өзін –өзі басқару» ұйымының атқарған жұмыстарының

ХАТТАМАСЫ.

2021ж

Күн тәртібінде:

1) Өзін-өзі басқару ұйымының жетекшілігімен 9-11 сыныптар арасында өткізілген мектеп ауласын көгалдандару және безендіру жұмыстары.

1-Наурыз көктем айының алғашқы күнінен бастап «Мектеп алдын көгалдандыру және безендіру жұмыстары» жұмыс істеп жатыр. № 23 «1Мамыр» жалпы орта мектебінің ауласын көгалдандыру мен безендіру жұмыстары ерте көктемнен жоспарланып басталды. Жасыл желектерді қопсытып, суғарып, зиянкестерден қорғау жолдарымен мектеп оқушылары «Өзін-өзі басқару» ұйымының жетекшілігімен қолға алынып отыр. Жас отырғызылған ағаштарды алдағы уақытта тез жетілуіне көмек беруде.

Қазіргі кезде 9 сынып ұл балалары мектеп ауласындағы гүлдерді қопсытып жатса, ал 9 сынып қыз балалары мектеп ішіндегі гүлдерді суару жұмысымен айналысуда.

Сондай-ақ, 10-11 сынып оқушылары мектеп ауласына шырша,арша және тағы басқа ағаштарды отырғызып,оны күтіп баптауға белсене кірісіп кетті.Мектеп ауласын көгалдандыру бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі.

Мектеп тәлімгері: Г.Саненова




